

**Астана қаласы әкімдігінің «Роза Бағланова атындағы №2
Балалар музыка мектебі» ШЖҚ МҚК**

**«Домбыра» мамандығы бойынша 1-сыныпқа
арналған сабактар әзірлемелері**
(Музыка мектептері мен өнер мектептеріне арналған)

Дайындағандар: Домбыра сыныбының
бірінші санатты оқытушысы Абилова А.А.
және домбыра сыныбының жоғары санатты
оқытушысы Уакыпова Л.У.



Астана, 2024

ХАТТАМАДАН ҮЗІНДІ №2

Астана қаласы әкімдігінің «Роза Бағланова атындағы №2 балалар музыка мектебі» ШЖҚ МҚК

24.10.2024 ж.

Әдістемелік кеңестің отырысы

Төраға: Шаяхметова Г.А.

Қатысушылар саны: 11

МӘСЕЛЕ: Педагогтың инновациялық тәжірибесін қарастыру

Уакыпова Л.У. – Домбыра сыныбының Жоғары санатты оқытушысы және
Абилова А.А. – Домбыра сыныбының Бірінші санатты оқытушысы
«Домбыра» мамандығы бойынша 1-сыныпқа арналған сабактар
әзірлемелерін қарau.

ШЕШІМ: «Домбыра» мамандығы бойынша 1-сыныпқа арналған сабактар
әзірлемелерін толықтап қалалық Сараптамалық кеңесіне ұсыну

Төраға:

 Шаяхметова Г.А

24.10.2024 ж.



Авторы: Астана қаласы Р. Бағланова атындағы №2 БММ Домбыра сыныбының Жоғары санатты оқытушы Уакыпова Ляззат Уакыповнамен Бірінші санатты оқытушы Абилова Әдемі Аманғалиқызының «Домбыра» мамандығы бойынша 1-сыныпқа арналған сабактар әзірлемелеріне

ПІКІР

Бұл оқу-әдістемелік құрал – домбыра үйренуді жаңа бастаған оқушыларға арналған маңызды әдістемелік ресурс. Кітапта домбыраның құрылымы, аспапты ұстау және ойнау техникасы, ноталық сауат, музикалық өлшемдер мен текті сызықтары жан-жақты түсіндірілген. Сонымен қатар, қазақтың дәстүрлі күйлерін үйретуге аса назар аударылған.

Оқу құралы бірнеше бөлімдерден тұрады:

- Кіріспе бөлімінде домбыраның қазақ мәдениетіндегі орны мен оның даму тарихы баяндалады.
- Әдістемелік нұсқаулар бөлімі домбыраны менгерудің негізгі қағидаларына арналған. Мұнда домбыра тарту техникасы, қағыстар мен перне басу ерекшеліктері жан-жақты түсіндірілген.
- Ноталық сауат және музикалық теория бөлімдері оқушылардың музикалық білімін дамытуға көмектеседі.
- Практикалық бөлім түрлі жаттығулар мен қазақтың дәстүрлі күйлерінен тұрады, және сол тақырыпты менгеру туралы сабактар оқушылардың орындаушылық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

Оқу құралының артықшылықтары

- Жүйелі құрылым: Қарапайымнан күрделіге қарай сатылы әдіспен құрастырылған.
- Ұлттық ерекшелік: Қазақтың дәстүрлі күйлері мен олардың орындаушылық әдістері қамтылған.
- Практикалық бағыт: Күйлерді орындауға арналған жаттығулар мен әдістемелік нұсқаулар берілген.
- Түсінікті тіл: Материалдар оқушыларға жеңіл әрі түсінікті етіп берілген.

Сондықтан, Абилова Ә.А. мен Уакыпова Л.У.-ның бұл оқу құралы домбыраны үйренуді бастаған оқушыларға арналған өте құнды әдістемелік ресурс. Оның мазмұны жүйелі, әдістемелік тұрғыдан негізделген және практикалық қолдануға ыңғайлы. Оқулықты ары қарай толықтырып, заманауи әдістермен байыту арқылы оның тиімділігін арттыруға болады.

Зайнуллина Айгуль Есентаевна- Астана қаласы №2 Роза Бағланова атындағы БММ- нің мұғалімі, педагог – зерттеуші, Казах халық аспаптар бөлімінің менгерушісі.



«Домбыра» мамандығы бойынша 1-сыныпқа арналған сабактар
әзірлемелеріне

ПІКІР

Авторы: Абилова А.А., Уакыпова Л.У. – Астана қ. Р. Бағланова атындағы №2 Балалар музика мектебінің оқытушылары

Әдістемелік құрал қазіргі үрпақтың мәдени күндылықтарын қалыптастыруға бағытталған. Болашақ домбырашыларды даярау педагогтан методика, педагогика, музикалық білім және физиология салаларында нақты білімді талап етеді.

Авторлар ұсынып ойтрған оку-құралы өзектілігін атап өтеді, ейткені 1 сыйнұтарға арналған бұл материал тындау, есте сақтау, ырғақ сезіну қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ ойлау мен инновациялық шығармашылықты жетілдіруге мүмкіндік береді. Оның жаңашылдығы – дәстүрлі мектептерге негізделуі.


Бағдарлама мазмұны халықтық және классикалық музыканың үйлесіміне негізделген. Сабактар барысында оқушылар халық музыкасының дәстүрлерін меңгере отырып, классикалық туындылармен де танысады. Бұл олардың музикалық талғамын, шығармашылық қабілетін және эстетикалық сезімін дамытуға ықпал етеді.

Оқу материалы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес таңдалған, оларды қызықтыру үшін түрлі ойын және шығармашылық тапсырмалар қарастырылған.

Бұл әдістемелік оқу құралы білім беру стандарттарына сәйкес келеді және домбыра өнеріне алғашқы қадам бола алады. Ол музикалық мектептер мен өнер студияларында қолдануға ұсынылады.

ҚР Мәдениет саласының үздігі,

К.Байсейітова атындағы ҚазҰӨУ-нің доценті Н.Б. Тапалов



Kipicne

Домбыра – музыка аспаптары ішіндегі халқымызға ең көп тараған аспап болғандықтан, оны тартып үйренем деушілерде өте көп. Қосымша білім беру орталықтарында, соның ішінде музыка мектептері мен өнер мектептерінің бірінші сынып окушыларына сондай үлкен сұранысты ескере отырып, аспапты тиімді менгеру үшін осы еңбекті арнап отырмын. Бұл оқулық музыка сауаты мен нота сауатына аса зейін қойылып жазылды. Сабак барысында қажетті әдістемелік нұсқаулар, кәсіптік орындаушылық әдіс-амалдарды кездестіруге болады.

Казақ халқының күйшілік өнерінде ғасырлар бойы қалыптасқан өзінді шығармашылық, орындаушылық, үйрету тәжірибесі бар. Ол бүгінгі күнде дамып, өзінің жалғасын табуда. Осы айтылғандардың бәрі, еткен ғасырдың отызыншы жылдарына дейін, дәстүрлік жолмен тұрақты дамып келді. Көне қобыздың, сегіз және он екі пернелік қара домбыраның арқасында жүздеген халық күйлерімен мындаған авторлық күйлердің бүгінгі заманға жетуінің куәсі болып отырмыз. Жоғарыда айтылғандай, күй және күйшілік өнердің өзіндік даму жолы бар екенінің айқын айғағы.

айқын айғағы.

Кеңес дәүірінде бұл үрдіс жалғасын тауып, басқаша сипат алып жандана тұсті. Олай болуына, елімізде өткен ғасырдың отызынышы жылдарының бірінші жартысынан бастап, музыка мәдениеті майданында, оның салаларында болып жатқан әртүрлі себептер де әсерін тигізбей қойған жок. Олар: Халық аспаптар оркестрінің құрылуы, муздрам техникум, музыка мектептері, музыка училищелері, Қурманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясы, Қазақ ұлттық енер университеті, және педагогикалық институттары жанынан ашылған музыка белімдерінің т.б. оку орындарының ашылуы дәлел бола алады. Аталмыш оку орындарында халық аспаптарын маманды ретінде оқыту жүйелі турде қолға алына бастады. Мұның өзі дәстүрлі қүйшілік өнердің уәкілдері бұрынғыдай «ауыл-аймақтық» ұфымымен топтастырмай, «отбасы ошақ қасы» ұфымымен жалғастырмай, дәстүрлі ән-күй өнерінің тәжірибелік және теориялық негіздерін бір арнаға тұсірді. Оны біртұтас қазақ этносы болып қалыптасқан бүкілхалықтық көзқарасы деңгейімен қарастыруға мүмкіндік туғызды. Дәстүрлі орындаушылық, шығармашылық өнерде, күйдің небір қыры мен сырын менгеруде, оның таным-тағлымын, әдіс-амалдарын жан-жақты менгерген, бүгінгі заманың талабына сай домбыра мамандарын дүниеге әкелді. «Қоржынында» репертуарлық қорының көлемі ауқымды, қай өнірдің күйлерін болмасын талғамай тарта алатын, ал орындаушылық шеберлігі болса, халқымыздың ұлттық өнері деңгейінен көріне алатын орындаушылардың, білімі жан-жақты мамандардың легін қалыптастыруға мүмкіндік туғызды. Оку мекемелерінде дәстүрлі күй өнерін білім жүйесімен оқыту үрдісі орын алып, басталып кетті. Көптеген арнайы окулықтар, домбыра үйрену мектептері, бағдарламалары шықты. Күй өнері тарихына байланысты окулықтар, күй өнерінің жеке және жалпы мәселелеріне байланысты басылымдар жарық көрді. Әсіреле, құрастырылған күй жинақтары, арнайы және лайықтан тұсірілген

шығармалар жинақтарының өмірге келуіне септігін тигізді. Бұл бастаманың көш басында академик А.Қ. Жұбанов және оның үзенгілес серіктері мен шәкірттері, кейінгі толқын аға буын уәкілдері мен олардың шәкірттері болды. Одан кейінгілер де өз үлестерін қосуда. Атап айтқанда, алғашқылардың катарында: А.Қ. Жұбанов, Л. Хамиди, Х. Тастанов, Ф. Балғаева, Ш. Қажығалиев, Ф. Мансуров, К. Мұхитов, Б. Сарыбаев, М. Айтқалиев, М. Қойшыбаев, К. Күмісбеков, т.б.

Әдістемелік нұсқау

Қазіргі таңда республикамыздағы музыка мектептерінде музыкалық ұлттық аспабымыз домбыраны үйрету кең ауқымда жасалынған бағдарламаларға және оған қосымша оқу құралдары, түрлі жинақ-хрестоматия шенберінде кеңінен жүргізілуде және әр сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен домбыра тарту мүмкіндіктеріне, қабілет-табиғат талантына қарай жүйеленген. Музыка мектебінің домбыра-тенор сыныбына арналған бағдарламада балаларды өнер жолына баулу жолында ән айту міндеттері де қойылған.

Осы орайда біздердің ұсынып отырған музыка мектебінің бірінші сыныбына арналған оқу құралы осы талаптар деңгейінде құрастырылып отыр. Бұл еңбекке енгізілген музыкалық материалдар мазмұны жағынан жан-жақты, әрі сатылы жүйемен берілген. Баланың домбыра тарту үрдісінде қолын жібітіп, икемдеп алда тартылатын шығармаға-құйлерге дайындық жасайды. Алдымен домбыраның құлақ күйін келтіріп, кейін құлаққа жағымды мақам әуендерді ойнай бастайды. Оның домбыра қағысынан, саусақ қимылдарынан тарту шеберлігінің дәрежесін де байқап риза болып сүйсінеміз.

«РЕ» және «СОЛЬ» ішегіндегі пернедегі дыбыстар атауын менгеруге арналған жаттығулар топтамасы, домбыра ішектері, перне дыбыстық жүйелерді сатылай менгеруге негізделген. Олар оқытушының көмегімен, катысуымен, немесе дайындығы біршама деңгейдегі, үлгерімі озық оқушылар өзінің қалауы бойынша, қажетіне қарай пайдалана алады. Екі ішекте берілген жаттығулардың нота үлгілері «РЕ», «СОЛЬ» бұрауы жүйесімен жазылғанымен тап осы бұрауда орындалуы шарт емес. Шәкірт домбыраны аспаптың мүмкіндігінше, өзінің талғамына, естіп қабылдауына қарай қоңыр бұрауға түсіріп орынданай береді. Жалпы дәстүрлі күйшілік енерде домбыраның бұрауы «қоңыр» үнді болып келсе, шәкіртке домбыраны «қоңыр» үнді бұрауға түсіріп орынданату, оның есту қабілетін, және қабілеттілігін мөлшерлейтін ең маңызды бөлімінің бірі дыбыс бояуы табиғи дыбыс тербелісін есту сезімін қалыптастырып тәрбиелеуге ықпал етпек. Түсінікті болу үшін, олар қазақ музыкасында кездесетін ең қарапайым ырғақ пен өлшемде беріледі. Ол шәкірттің дәстүрлі өнердің ырғактық ұғымын, интонациясын қалыптасу дағдысына септігі тилеме деген ниеттен туындалап отыр. Саусақ басу тәртібі де, қағыстары да, соған негізделіп, домбыраны менгерудің алғашқы қадамдарының талаптары ескеріліп берілді. Сондай-ақ нотаны дұрыс окуяна,

орындаушылық қимыл-қозғалыстарды дұрыс үйымдастырып қадағалауына, екі қолдың тәпеп-тәндігіне, (координациясына) сол қол саусақтарының пернелерде дұрыс орналасуына, басуына, оң қолдың қағысын дұрыс үйымдастыруына, қалыптастыруына септігін тигізбек. Олардың орындалу жолдарының түрлері оқытушы өзі нақты біле тұрып, әсіресе күйлерді толық немесе олардың үзінділерін үлгі ретінде көркемдік сапасы жоғары дәрежеде орындалап көрсете білген жөн. Оқушының шығармашылық ізденисін, келешекте оның күй өнерінде жеке тұлға болып қалыптасып, ынта-ықыласын арттыру мақсатында мамандық сабағында күйлерді оқытушы өзі біле тұра, тап осылай орында деп, көшіріп (копировать) орындауға жол берілмеу керек. Бұл ұстаз шеберлігіне байланысты. Сабақ-мқфалім еңбегінің айнасы деп бекер айттылмаған. Ол оқушының орындау шеберлігін біртіндеп арттырады. Оку құралында оның көптеген түрлері қамтылған. Өйткені домбыра тартудағы тұғырлық әдіс-тәсілдер саусақтарды біртіндеп қалыптастырады, икемдеп күш береді, әрі дамытады. Домбыра үйрену үрдісінде оқушының өнерге қызығушылығын қалыптастырудың маңызы ерекше. Мұның әдістемелік негіздері төмендегідей:

- 1) Күйдің шығу тарихын айтып беру, көрнекілікті пайдалану.
- 2) Домбырада көркемдеп ойнап, оқушының бойына осылай ойнасам ба деген талпыныс тудыру.


Ол үшін не істеуіміз керек? Осы сұрақтарға жауап іздеу барысында, ұстаз тарапынан сабақ өткізу дің әр түрлі жолдарын қарастырып, оқытудың инновациялық технологияларын пайдаланып, әдіс-тәсілдерін жетілдіру талабы қойылды. Бір сөзben айтқанда оқушының әуендей-танымдық қызығушылығын дамытуды әрдайым ескеріп отырған жөн.

Енді оқушымен сабақ бастамас алдында міндетті түрде аспапқа тоқталу керек. Оқушыға Домбыра аспабы туралы жалпы ұғым беру және музика сауатын кәсіби деңгейде жеткізе білу керек. Алғаш рет музика мектебіне қадам басқан бұлдіршіннің жүрісі мен отырысы, аспапты ұстасуы және ойнауы, сахнаға бейімдеу, халық алдына үйрету, бір сөзben айтқанда шығармашылық тәрбие беруіміз керек!

Бұған дейін сонау Болат Сарыбаев ағамыздың жұмыстары «Домбыра үйрену мектебі» жинағында айтылып кеткендей музикалық сауатқа қысқаша тоқталып өтейік;

Домбыраның құрылышы

Домбыраның құрылышымен таныстырығанда, оның әрбір бөлшегінің мағызын, атқаратын рөлін айту қажет. Әсіресе құлақ күйі мен тиектің орналасуына ерекше көніл бөлген жөн. Және домбырада ойнап әрқайсысының атқаратын қызметтің түрлі мысалдармен көрсетіп, дұрыс, дұрыс еместігіне жеткізу өте маңызды.



Домбыра тартуға дайындық

Домбырашының отырысы


Оқушы оң аяғын сол аяғының үстіне қойып, домбыра шанағын тиянақты түрде орналастырып, денені тік ұстау қажет. Осында сэтте қолды бос ұста деген сөздер естіп жатады. Жалпы бұл дұрыс талап, алайда оны бала түсінкіремейді. Қолдың табиғи қалпында ұстаганы жөн бос ұста, қатты ұсташа қалпын жөндеген қажет. Және иықтар бір деңгейде болуы керек. Ал домбыра басы иықпен деңгейлес болған жөн.

Оң қолдың қойылымы

Оң қолдың төрт саусағы жартылай ішке қарай бүгіліп, білезік буыны өте бос, домбыра қақпағына жақындауы керек. Бармақ сәл жоғары болуы керек. Ал саусақтар шашыраңқы болмай әдемі тізбектей қатар жатуы қажет.

Сол қолдың ұстанымы

Оқушының домбырада шебер ойнап кетуі сол қолдың аспапта дұрыс орналасуына тікелей байланысты. Домбыра үйренудің дәстүрлі әдіснамасында «қолынды бос ұста», деген сөздер жиі естіледі. Бұл әрине дұрыс-ау. Алайда оқушының жас ерекшелігін ескерсек бала қолды қалай бос ұсташуды білмейді. Жалпы қолды қалай бос ұсташа болады? Сондықтан да оқушы перне басқан кезде «пернені қатты баспа, қолынды бос ұста» деген сөз орынды болар деп білеміз. Екінші жағынан пернені бос басса, мәнді дыбыс шықпайды, ал қатты басса қол сіреседі. Ен дұрысы табиғи қалыпта ұсташа. Ал табиғи қалыпта ұстата білу ұстаз шеберлігіне байланысты деп білеміз.



Перне басу

Домбырадан құлаққа жағымды, әдемі дыбыс шығару пернені дұрыс басуға байланысты. Саусақтардың арасы көп ашылмай, шашырамай бір қатарда жатуы керек.

Домбыра қағыстары

Ойналатын шығарманың мазмұнын беруде, техникалық мүмкіндігіне қол жеткізуде, көркемдігін ашуда және құбылта тартуда қағыстың орны ерекше. Қағыс әліппесі ашық ішекте төмен қағудан басталады. Қол, иық, қоспа білезік еркін табиғи қалыпта болуы тиіс. Негізгі қағыстардың белгілері және атауы:

П - төмен қағыс, V – жоғары қағыс.

Домбыраның құлақ күйін келтіру

Домбыраның құлақ күйі дегеніміз – екі ішектің (жоғары босандау, төменгі сәл қаттылау) өзара әсем кварталық үндестігі. Бала құлағын осы әсем үнге үйрету бұл саладағы бірінші мақсат. Ре-соль, ре-ля әдемі әуен. Осы екі нотамен әндер де айтуға болады және бұл бұрау баланың есту қабілетін тәрбиелейді.

Нота сауаты

Ән-күй шығармаларындағы автор көрсеткен ырғақтық, екпіндік, ритмикалық, өлшемдік т.б. сипаттарын түсініп ойнауда музикалық сауаттылықтың маңызы ерекше. Және де мазмұны осы көркемдік құралдарға байланысты болып келеді. Музыкадағы 7 нотадан бастайық: до, ре, ми, фа, соль, ля, си.

Нота сзықтары және кілттер

Ноталық таңбалар нота желісі деп аталағын бес сзықтарға орналасады. Олардың өзіндік орындары осы сзықтардың бас жағына қойылған кілттерге байланысты.



Ол- скрипка кілті

Ноталардың ұзактығы

Ноталардың түрлілігі, 4

Музыкалық шығармалардағы ноталар созылмалы кейде қысқа, тағы да басқа түрлі-
түрлі ұзақтыққа бөлініп отырады және олар сағат тіліндегі тоқтаусыз нақты есеп
санымен есептелінеді: *бұтін нота* •

жарты нота

ширеk нота

сегіздік нота

он алтылық нот

Такт сызығы

Музыкалық шығармалар әлді, әлсіз (күшті, күшсіз), екпінді, екпінсіз сияқты бөліктерден тұрады. Мысалы, маршты тыңдасаңыз, алғашқы нотасы күшті басталып, кейінгі ноталары баяулайды. Одан кейін тағы да екпінді дыбыстар басталады. Осылай бүкіл шығарма бойында алмасып отырады. Сондықтан да, екпінді дыбыстан ендігі екпінді дыбыстың аралығына текті сызықтары қойылып отырады.

Музикалық өлшемдер

Такт ішіндегі ноталардың ұзақтығын өлшем дейміз. Ол екі бөлшектен тұрады. Тәменгі жағы жалпы қалыптасқан төрттік ширек өлшемде жүреді де, үстіңгі бөлігі сол қалыптасқан нотаның қанша бөлігін ойнауын көрсетеді.

2/4, 3/4, 4/4, 2/8, 3/8, T.6.

Сабак 1

Такырыбы: «Алғашқы домбыра үйрену»

Сабактың мақсаты: Оқушыларды қазақтың ұлттық аспабы – домбырамен таныстыру, аспапты үстап және қағыс түрлерін меңгеру.

Сабактың міндеті:

Білімділік: Оқушының домбыра аспабының құрылышымен таныстыру және қарапайым әуендерді ойнауға дағдыландыру.

Дамытушылық: Оқушылардың музикаға деген қызығушылығын арттыру, есту қабілетін дамыту, саусақтарының икемділігін жетілдіру.

Тәрбиелік: Музикалық мұраны құрметтеуге және сақтауға баулу.

Сабактың ұйымдастыру кезеңі:

1. Сәлемдесу. Оқушының қал-жағдайын сұрау. Алдымен, ашық ішекте қарапайым қара қағыстар шертумен сабак басталады. Сөйтіп оқушының екі қолының орналасуы мен отырысын бақылаймыз. Қолдарының үнемі бос әрі еркін ойнап отыруын талап ету ол міндетті жағдай.

2. Үй тапсырмасын тексеру: Нота сауатын қайталау, өлшемдерді санап отырып, ашық ішекте қара қағыстарды ойнау болатын.

3. Жаңа тақырып: Жаттығулар тартып үйрену.

Дұрыс қойылған қойылымды үнемі қадағалап отыру. Аспапта еркін ойнау керек екенін еске салып отыру. Екі ішекте бірдей дыбыс шығарып үйренуін қалыптастыру. Тепе-тендік болуы керек. Келесі кезекте ноталарды оқу арқылы аспапта басып ойнау. Қарапайым әрі ең тиімді 2/4 өлшеммен тартылатын жаттығуларды ойнатып үйрету. Бір ырғакты бастан аяқ сақтап отыру осы өлшемді жаттығуларды ойнатып үйрету. Дыбыстың тазалығын бақылап отыру өте маңызды. дұрыс санаудың болып келеді. Дыбыстың тазалығын бақылап отыру өте маңызды. Жаттығулардың тиімдісі ол хроматикалық гаммалар ретінде дыбыстардың тізбектей қатар жүргүй. Саусақтардың баяу қарқынмен басталып біртіндеп қорытындылау.

Рефлексия. Баладан сабак ұнадыма? Бүгінгі сабактан не үйрендің? Өзіңе алда қандай мақсаттар мен талаптар қояр едің? – деген секілді сұрақтармен сабакты қорытындылау.

Қорытынды. Бағалау. Үй тапсырмасы: Келесі бетте берілген Жаттығуды талдау.

Жаттығу

Би ыргагында, көнілді

mf *b*

5

9

13

17

21

25

29

The musical score is composed of eight staves of music for a single instrument. The key signature is one flat, and the time signature is common time (indicated by '2'). The tempo is marked 'mf'. The vocal line features eighth-note chords and sustained notes. The lyrics are written above the staff at the beginning. Measure numbers 1 through 29 are indicated on the left side of each staff.

Сабак 2

Такырыбы «Шағын әуендер мен әндерді ойнау»

Сабактың мақсаты: Домбыра аспабында әндете отырып шағын әуендер мен әндерді ойнай білу.

Сабактың міндеті:

Білімділік: Карапайым әндерді нотамен немесе жатқа орындауды үйрету.

Дамытушылық: Оқушылардың музыкалық қабілеттерін, ырғақты сезе білу және код координациясын дамыту.

Тәрбиелік: Окушыларға қазақтың дәстүрлі музыкасын насихаттау және аспапка леген суйіспеншілікті арттыру.

Ұйындастыру кезеңі: Қайырл күн! Бұғінгі көңіл-күйің қалай?

Ұйымдастыру кезеңі: Қайырл құн: Ұғынға көділгенде
Алдымен оқушының отырысына, қол қойылымдарына көңіл бөлу.
Хроматикалық жаттығулармен сабағымызды бастап, қоса бірнеше жаттығулар
ойнату.

Ойнату.

Ән айтпаған, әуен әндепеген қазақ барма?! Домбыра қолына ұстаған әр баланың құлағында әуен әндептіп тұруы керек. Сол себептен шағын індерге орын берейік. Үлкен күйлермен шығармаларға жол ашатын бұл шағын әндерді орындау балаға да ұнайды. Құлаққа әуенде ойнап, құйып берсе, бала тез үйренеді. Саусақтардың еркін орналасуы мен дыбыстардың таза әрі нақты басылуы әнди әдемілей түседі. Әннің әуені мен оның ырғағын түсіне білу керек. Кездесетін әр түрлі қағыс Техникаларын менгеру әннің өз стилін көрсетеді. Сол стильде орындау шеберлікпен жеткізе білу ең басты қағида болып есептеледі. Әндерді бар-бара күйсандықпен сүйемелдеу арқылы да орындауға болады. Сөйтіп шығармаларға көшеміз.

Қазақтың халық әндері «Әлди-әлди», «Еркем-ай». Бұл әндерді талдау қын емес, біркелкі санап отырып алма-кезек қарапайым қағыспен орындалып отырады. Перненің бас буынынан басталады. Екі ішекте орындалады. Алдымен үстінгі ішектің ноталарына тоқталып, кейін астыңғы ішекке көшеміз. Екі бөлек ойнап көрген соң қосып ойнаймыз. Міндетті түрде бала өз бетімен ноталарын оқып, сосын барып ойнауы керек. Сөйтіп ол жаттауға көшеді.

Рефлексия: Эн дегеніміз не? Оны қалай орындау керек? Саған қандай әндер ұнайды? Бүгінгі сабак саған несімен ұнады?- деген секілді сұрақ-жауап арқылы сабакты қорытындылаймыз.

Корытынды: Бағалау. Үй тапсы жаттау. Нотасы келесі бетте жүктелген.

Элди-элди

0 4
1 2 4 2 2 1 1
Эл - ди әл - ди ак бе - пем ак бе - сік - ке жат бе - пем

5
1 1 1 1
Жы - ла - ма бе - пем жы - ла - ма жі - лік ша - гып бе - ре - ін

9
1 1 1 1
Бай - құт - тан - ның қүй - ры - гын жіп - ке та - гып бе - ре - ін

Еркем-ай

Жүрдектете, көнілді

1 4
4 1 2
6 6
mf

5

Элди-элди

Элдилете

2 4
6 2 1
5

9
4 2
2

Сабак 3

Тақырыбы: «Орынбай Дүйсен «Балдырған» күйін үйрену»

Сабактың мақсаты: Орынбай Дүйсен күйші-композитор туралы ақпарат беру. Шығармашылығымен танысу.

Сабактың міндеті:

Білімділік: Қазақ күйлерінің орындаушылық дәстүрлерін түсініп, талдау дағдыларын дамыту.

Дамытушылық: Музыкалық шығарманы тыңдалап, талдау жасауға үйрету.

Тәрбиелік: Қазақ композиторларының орындаушылық дәстүрлерімен танысу арқылы өз бойына ерекше тәрбие сініру.

Үйымдастыру кезеңі: Оқушымен сәлемдесу, сабакқа дайындығын тексеру.

Сабактың мақсатымен, күтілетін нәтижелерімен таныстыру. Үй тапсырмасын тексерумен сабағымызды бастаймыз. Міндетті түрде үй жұмысы бағаланады. Оқушыға ескертулер мен пікірімізді білдіреміз. Қате болса тез арада түзеуге тырысамыз. Ол баланың отырысымен аспап ұстаудың бастап қаққан әр қағысына байланысты. Жаттығулармен шағын әндерден кейінгі саты - Күй тартып үйрену. Қазақтың күйлеріне тоқтасақ, күйшілерге тоқтасақ, әр аймақтың күйшілік мектептеріне тоқтасақ үлкен тақырып қозғалады. Әр аймақтық өзіндік орындау дәстүрі мен ерекшеліктері бар. Бір-біріне ұқсамайтын қағыс түрлері мен ырғактары теренге сұнғиді. Кішкентай бұлдіршіннің жаңадан күй ойнауға көшуі жай 2/4 өлшемде бір ырғакта жүретін біркелкі бірақ құлаққа жағымды шағын күйлерден бастаймыз. Орынбай ағамыз бастапқы домбырашыларға жеңіл әрі ыңғайлы көптеген күйлер жазған. Соның бірі «Балдырған» күйі. Әуеннің бастапқы кезеңі күйдің соғында қайталанып аяқталады. Құлаққа өте жағымды әуені жас домбырашыны баурап алады. Күйде кездесетін лига дыбыстары әдемілік береді және баланың маторикасының дами түсіне үлкен ықпалын тигізеді. Күйді бірнеше бөлімге бөліп талдаймыз. Жаттауға да жеңіл болады.

Рефлексия: Жалпы күй ұғымының ауқымы қандай? Қандай күйшілерді білеміз? Күйшілік мектептер деп неге бөлінген? Саған күй тарту ұнадыма? Алдыңа қандай мақсат қояр едін?

Қорытынды: Оқушыға баға қою. Үй тапсырмасын беру. Жаңа өткен тақырыпты үйде өз бетімен жұмыстанып, жаттап келу. Күйдің нотасы келесі бетте жүктелген.

Одан әрі көптеген Халық күйлерінің ноталарын көре аласыздар. Әр түрлі ырғакта, әр түрлі құлақ бұрауында, әр түрлі қағыста орындалатын күйлер баланы жақсы әрі жан-жақты дамытады.

Балдырған

Орынбай Дүйсен

Асықпай, бесік тербей екпінде



Сағат

(I-түрі)

Орынбай Дүйсен

Жүрдек

5

9

13

17

21

25

29

33

37

41

45

b mf

f

mf

Желдірме

Орынбай Дүйсен

Musical score for the piece "Желдірме" by Orynbay Duyesen. The score consists of ten staves of music for a single instrument, likely a bowed string or woodwind instrument. The music is in 6/8 time, indicated by the time signature at the beginning of each staff. The key signature is not explicitly shown but appears to be C major based on the notes used. The score includes measure numbers 1 through 28 above the staves. Measure 1 starts with a dynamic of *mf*. The music features eighth-note patterns and sixteenth-note patterns, often grouped by vertical bar lines. Measures 1-3 show a repeating eighth-note pattern. Measures 4-6 show a more complex eighth-note pattern. Measures 7-9 show a sixteenth-note pattern. Measures 10-12 show a sixteenth-note pattern. Measures 13-15 show a sixteenth-note pattern. Measures 16-18 show a sixteenth-note pattern. Measures 19-21 show a sixteenth-note pattern. Measures 22-24 show a sixteenth-note pattern. Measures 25-27 show a sixteenth-note pattern. Measure 28 concludes the piece.

A musical score consisting of five staves of music for a single melodic line. The music is in common time and uses a treble clef. The notes are primarily eighth notes, with some sixteenth-note patterns and rests. Measure numbers 31, 34, 37, 40, and 43 are indicated at the beginning of each staff. Measure 43 concludes with a dynamic marking of *ff*.

Ойын

Орынбай Дүйсен

Журдек, женіл

1 4 7 10 13 16 19 22 25 28

Наурыз

Орынбай Дүйсен

Журдек, шаттана

Журдек, малана

mf

1 1 2

5 1 1

9 6

13 1 1 2 4 2 2 4

17 1 2 1 1 6 6 6 6


21 1. 2.

25

29

33 6 1 1 2

37 2 4 1 2 2 4



Көк дөнен

Халық күйі

Жүрдек

■ V ■ V ■ V ■

4

7

10

14

18

■ V ■ V ■ V ■

Ақсақ құлан

(I-түрі)

Халық қүйі

The musical score consists of six staves of 16th-note patterns in 2/4 time, treble clef. The tempo markings are *mf*, *fp*, and *f*. The score begins with a 4-measure pattern of eighth notes followed by a 2-measure pattern of eighth notes. This is followed by a series of eighth-note patterns: measures 5-7, 10-12, 14-16, 19-21, 23-25, 27-29, and 32-34. Measure 32 concludes with a dynamic *f*.

Салторы

Халық күйі

Нотага түсірген Хапан Байтуған

Тез $\text{□} \text{ V } \frac{4}{\text{□}} \text{ V }$ $\text{□} \text{ V } \frac{4}{\text{□}} \text{ V }$

5

9

13

16

20

Нэр агачи

Халық күйі
Ор. Садык Сахатов

The musical score for "Нэр агачи" is composed of ten staves of music. The key signature is one flat, and the time signature is 2/4. The music begins with a series of eighth-note chords and transitions into more complex rhythmic patterns involving sixteenth notes and rests. Measure numbers 1 through 45 are indicated at the start of each staff. The score concludes with a final measure ending on a double bar line.

Тепенкөк

Халық күйі

Орташа екпінде

1

5

9

13

19

24

28

Мазмұны

Кіріспе.....	2
Әдістемелік нұсқау.....	3
Домбыраның құрылышы.....	4
Домбыра тартуға дайындық.....	4
Домбырашының отырысы.....	4
Оң қолдың қойылымы.....	5
Сол қолдың ұстанымы.....	5
Перне басу.....	5
Домбыраның қағыстары.....	5
Домбыраның құлақ күйін келтіру.....	5
Нота сауаты.....	6
Нота сзықтары және кілттер.....	6
Ноталардың ұзақтығы.....	6
Такт сзығы.....	6
Музыкалық өлшемдер.....	7
Әндер	
<i>Сабак 1</i>	8
Жаттығу.....	9
<i>Сабак 2</i>	10
Әлди-әлди.....	11
Еркем-ай.....	11
Әлди-әлди.....	11
Күйлер	
<i>Сабак 3</i>	12
Балдырган.....	13
Сағат (1-түрі)	14
Желдірме.....	15
Ойын.....	16

Наурыз.....	17
Көк дөнен.....	18
Ақсақ күлан.....	19
Салторы.....	20
Нәр агачи.....	21
Тепең көк.....	22